

Астана қаласындағы құқық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениет қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту және тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған аймақтық бағдарлама туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 125/17-III Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 18 сәуірде N 386 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 9 шілдедегі N 123/18-IV шешімімен

Астана қаласы әкімдігі ұсынылған Астана қаласындағы құқық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениет қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған аймақтық бағдарламаны қарап, Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабын және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты былай деп **ШЕШТІ:**

қоса беріліп отырған Астана қаласындағы құқық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениет қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған аймақтық бағдарлама бекітілсін.

А с т а н а қ а л а с ы м ә с л и х а т ы

сессиясының төрайымы

А с т а н а қ а л а с ы

мәслихатының хатшысы

Астана қаласында құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасына
КЕЛІСІМ ПАРАҚ

*А с т а н а қ а л а с ы н ы ң
Әділет департаментінің*

бастығының м.а.

*А с т а н а қ а л а с ы н ы ң
"Білім департаменті"
мемлекеттік мекемесінің*

бастығы

Астана қаласының
"Мәдениет департаменті"
мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Астана қаласының
"Ішкі саясат департаменті"
мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Астана қаласының
Ішкі істер бас

басқармасының бастығы

Астана қаласы мәслихатының
2005 жылғы 29 наурыздағы
N 125/17-III шешімімен
бекітілді

**Астана қаласында құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық
мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен
тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған
Аймақтық бағдарлама**

Астана қаласы, 2005 жыл

Бағдарлама мазмұны

- 1-бөлім . Бағдарламаның паспорты
- 2-бөлім . Кіріспе
- 3-бөлім . Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
- 4-бөлім . Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
- 5-бөлім . Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі
- 1-тарау . Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру
- 2-тарау . Құқықтық оқыту мен тәрбиелеу
- 6-бөлім . Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері
- 7-бөлім . Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер
- 8-бөлім . Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1-Бөлім. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Астана қаласында құқықтық түсіндіру
жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру,
азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу
жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған
аймақтық бағдарлама

Бағдарламаны әзірлеу "Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық
үшін негіздеме мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды

құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі
2005-2007 жылдарға арналған аймақтық
бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы

N 1382 Қаулысы

Негізгі әзірлеуші Астана қаласы әкімінің аппараты

Мақсаты Астана қаласында азаматтардың құқықтық
санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін
арттыру, Заңға құрмет көрсету қатынасын
қалыптастыру

Міндеттері Қазақстан заңнамасын түсіндіру жөніндегі
мақсатқа сай жұмыстар жүргізу, жаңа
тұрпатты мемлекеттік қызметшілердің
құқықтық даярлық деңгейін, кәсіби
біліктілігін арттыру. Бұқаралық ақпарат
құралдарымен өзара іс-қимыл жасауды
белсендіру, құқықтық түсіндіру жұмысына
дүниежүзілік "Интернет" желісін қоса
алғанда, жаңа ақпараттық технологияларды
кеңінен пайдалану. Барлық оқу орындарында
құқықтық оқытудың жаңа оқу жоспарларын

және бағдарламалар әзірлеу

Іске асыру мерзімдері 2005-2007 жылдар

Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру
көздері Бағдарлама қосымша қаржы бөлуді талап
етпейді және мемлекеттік ұйымдарды ұстауға
қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге

асырылатын болады

Күтілетін нәтижелер Бағдарламада көзделген іс-шаралардың
о р ы н д а л у ы :

қала тұрғындарын құқықтық ақпараттандыру
деңгейін арттыру, яғни жергілікті мерзімді
баспасөз басылымдарындағы құқықтық тақырып
бойынша арнайы айдарлардың, жергілікті
радиода және орталық мемлекеттік
телеарналарда құқықтық тақырып бойынша
телевизиялық бағдарламалар мен
радиохабарлардың санын ұлғайтуға;
Астана қаласы азаматтарының құқықтық
мәдениеті деңгейін елеулі түрде көтеруге;

құқықтық тәртіп пен заңға бағынушылықтың
нақты жағдайын орнатуға;
құқықтық түсіндіру жұмысын, азаматтарды
құқықтық оқыту мен құқықтық тәрбиелеуді
қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың,
бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық
бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың
күш-жігерін үйлестіруге мүмкіндік береді

2-Бөлім. Кіріспе

Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған аймақтық бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) азаматтардың құқықтық сана мен мәдениет деңгейін арттырудың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ оларды іске асырудың негізгі бағыттары мен механизмдерін анықтайды, олар қоғамдағы азаматтық келісім мен құқықтық тәртіпті реттеуге, азаматтық қоғамның барлық мүшелерінің құқық пен заң құндылықтарын толық қабылдауын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Халықты құқықтық ағарту жөніндегі жүргізіліп жатқан жұмыстарға карамастан тұрғындар мәдениетінің деңгейі жеткіліксіз деңгейде қалып келеді.

Әділет органдарының, құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының тарапынан мемлекет пен оның халқының алдында тұрған проблемаларына кешенді көзқарас қалыптастыру қажет. Қазақстан Республикасының Президенті тапсырған міндеттерді шешуде күтілетін нәтижелерге хабарлап қана қол жеткізетін боламыз.

Аталған Бағдарлама бұқаралық ақпарат құралдарымен (бұдан әрі - БАҚ) белсенді қарым-қатынас, қылмысқа қарсы күресте құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық жасауға, қолданыстағы заңнама туралы ақпаратпен алмасуға және басқа бағыттар бойынша кең мүмкіндіктер мен келешектерге жол береді.

Осы Бағдарламаны іске асыру халықты құқықтық ағарту жөніндегі жұмыстардың жаңа деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама іс-шаралар мен оны іске асыру жоспарына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады.

3-Бөлім. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық оқыту мен тәрбие мәселелері өзара байланысты және өзара келісілген болып табылады, қоғамның өмір-тіршілігінің барлық жақтарына қатысты болады.

Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау көзқарасты өзгерту, жаңа үрдістерді, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескеру, азаматтарды құқықтық қатынастардың жаңа түрлеріне бейімдеуге ықпал ету қажеттігін көрсетеді.

"Қазақстан Республикасында жалпыға міндетті құқықтық оқуды ұйымдастыру туралы" 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысын орындау барысында Астана қаласында ұйымдар мен мекемелер негізінде құқықтық білім мектептері ұйымдастырылды.

Дегенмен, құқықтық жұмыстар қаланың барлық ұйымдарында жүргізілмейді, жүргізілген жағдайда да деңгейі мен көлемі көңіл толтырарлықтай емес.

Бұл жағдайда, осы бағыттағы жұмыстарды Астана қаласының аумағындағы барлық мемлекеттік мекемелерді құқықтық ағарту жөніндегі жұмыстарды жаңа ұйымдастырушылық деңгейге көтеру үшін ынтымақтастық пен қарым-қатынас жасау жолымен белсендендіру қажет.

Құқықтық түсіндіру жұмысында, әсіресе құқықтық білім беру мектептерінде тыңдаушылардың құрамын айқындауда олардың білім деңгейін, айналысатын кәсібінің түрін, салалық бағыттылығын ескере отырып, саралауға қол жеткізуіміз керек. Ақпараттар ағынының ұдайы ұлғаюы, оның жүйесіз сипаты мән-мағынасының біркелкіленуіне, халықтың қабылдамауына әкеп соқтырады.

Сондықтан неғұрлым маңызды, түйінді проблемаларды бөліп алып, бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі - БАҚ) мүмкіндігін пайдалана отырып, оларды дәйекті түрде жариялауға, түсіндіруге қол жеткізген орынды. Алайда мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланған және эфирге шыққан телевизия және радио бағдарламаларын талдау құқықтық тақырыпты ашудың әлі де жеткіліксіз жүзеге асырылып отырғанын көрсетеді.

Мемлекеттік органдардың, әрбір мемлекеттік қызметшінің, кәсіби заңгердің, әсіресе құқықтық түсіндіру жұмыстарына қатысатын құқық қорғау жүйесі субъектілерінің, сондай-ақ ғылыми мекемелердің, ғылыми-педагогикалық кадрлардың рөлін көтеру қажет. Өз кезегінде оқу орындары, ғылыми мекемелер мемлекеттік органдардың қатысуымен осы проблемаларға зерттеулер жүргізу мен оның теориялық базасын жандандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Осы саладағы перспективалы ғылыми әзірленімдер жүргізетін жас ғалымдарды ынталандыру мақсатында гранттар беру жүйесін дамыту, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық тәрбиесінің проблемалары бойынша ғылыми зерттеулермен айналысу үшін жағдай жасау қажет.

Алда құқықтық түсіндіру жұмысы саласындағы мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріндегі бытыраңқылықты еңсеру міндеті тұр.

Демек, бірыңғай талаптар, ортақ әдіснама әзірлеу қажет, жаңа ақпараттық технологиялардың жетістіктерін ескере отырып, құқықтық түсіндіру жұмыстарының іс-шараларын өткізудің нысандары мен әдістерін өзгерту талап етіледі. Құқықтық түсіндіру жұмысының негізгі нысандарының бірі ретіндегі дәрістік насихаттың рөлі әлсіреген. Осыған еңбегіне лайықты дәрежеде ақы төленуге тиіс білікті дәріскерлерді, құқық қорғау, сот органдарының барынша

тәжірибелі маман-практиктерін белсенді түрде тарту қажет. Дәрістік насихат, құқықтық жұмыстың басқа да нысандары мен әдістері мәселелерімен айналыса алатын ұйым құру туралы мәселені шешетін уақыт жетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын құқықтық сипаттағы көптеген материалдар дұрыс дайындалмайды, деңгейі төмен, біржақты беріледі, тар ведомстволық мүдделерді көздейді. БАҚ-ғы материалдардың көпшілігі оларда келтірілген фактілер бойынша тиісті талдау мен қорытындыларды қамтымайды. Құқықтық түсіндіру, ескерту-алдын алу қызметінің тиімділігіне көрсетілетін төменгі сападағы фильмдер мен хабарлардағы фактілер теріс ықпал е т е д і .

Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда, құқықтық білімді таратуда барлық оқу орындарында жетіспеушілігі үнемі байқалатын түрлі әдебиеттер шығарудың ү л к е н м ә н і б а р .

Құқықтық түсіндіру жұмыстары нақты теориялық базаға негізделуі керек.

Бүгінгі күні қаланың көптеген оқу орындарының тарих бөлмелерінде құқықтық тақырыптар бойынша әдебиеттері бар құқық бұрыштар бар, осыған байланысты тиісті әдебиеттер мен көрнекі әдістемеліктерімен қамтамасыз етілген құқықтық білімнің жеке бөлмелерін ұйымдастыру қажет.

Оқу орындарының барлық түрлерінде құқықтық пәндер бойынша білікті педагогикалық кадрлар даярлауда шешілмеген мәселе болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте "Мемлекет және құқық негіздері" пәні аптасына бір сағаттық жүктемемен тек 9-сыныпта жүргізіледі. Жекелеген мектептерде аптасына бір сағаттан "Демократия" пәні 10 сыныпта, "Құқық мозайкасы", "Заң барлығы үшін" пәндері 5 сыныпта факультативті түрде оқытылады. Тәжірибе көрсеткендей, көрсетілген сағаттар көлемі жеткіліксіз. Жалпы білім беретін мектепте құқық негіздерін оқытуға өзіндік "эксперименттік" тәсіл белең алуда.

Азаматтардың мемлекеттік шешімдерді қабылдауға және олардың орындалуын бақылауға белсенді қатысуы да маңызды роль атқарады, бұл қабылданатын шешімдердің сапасына да, оларды іске асыру тиімділігіне де оң ә с е р е т е д і .

Қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің тиісті сапасын қамтамасыз ету, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, халықты құқықтық тәрбиелеу, заңгерлерді, басқа да мемлекеттік қызметшілерді кәсіби оқыту мен тәрбиелеу уақытының қажеттіліктеріне сәйкес келтіру Қазақстанда құқықтық нигилизмнің алдын алу мен еңсеруге, оң құқықтық мәдениетті, Заңды жаппай құрметтеу жағдайын қалыптастыруға ықпал ететін болады. Сонымен, жағдайды талдау құқықтық түсіндіру жұмыстарында, құқықтық оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруда барлық нысандар мен әдістерді, сондай-ақ барлық мемлекеттік

органдардың және жұртшылықтың қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру жөніндегі қызметін пәрменді үйлестіруді ұштастыру қажеттігін дәлелдейді.

4-Бөлім. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Астана қаласы азаматтарының құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру болып табылады.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу мынадай міндеттерді шешуге ықпал етеді:

Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру, онда анықталған кемшіліктерді жою жөнінде жұмыстар жүргізу;
жаңа тұрпаттағы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық даярлығы деңгейін арттыру;

бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау, құқықтық түсіндіру жұмысында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану;

барлық оқу орындарында құқықтық оқытудың жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу.

5-Бөлім. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін Бағдарламада құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, барлық үлгідегі оқу орындарында құқықтық оқытудың деңгейін арттыру, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білімдерін көтеру жолымен халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруға бағытталған шаралар кешені көзделген.

1-Тарау. Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру

Осы бағытта "Қазақстан - 2030" стратегиясының, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасының ережелерін орындау; Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру; заңға тәуелді кесімдердің уақытылы түсіндірілуін қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуді қамтамасыз етуге баса назар аударылуы тиіс.

Мемлекетіміздің қылмыстық саясатын ізгілендіру жөніндегі құқықтық түсіндіру жұмыстарын жалғастыру, өлім жазасын кезең-кезеңмен тоқтату мәселелері бойынша мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды белсендендіру қажет.

Сонымен қатар, Астана қаласының мемлекеттік органдарын күшейту үшін мына негізгі міндеттерді қарастыру қажет:

1) құқықтық түсіндіру жұмысын жетілдіру, көкейтесті құқықтық ақпараттарды жедел тарату және алу, қала әкімдігінің ұйымдастырылып жатқан ресми сайтында оң тәжірибемен алмасу мақсатында Астана қаласының барлық

мемлекеттік органдарының, оның ішінде нормативтік құқықтық актілер мен олардың түсініктемелері бар орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің (келісім бойынша) электрондық парақтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық тақырып жөніндегі айдарларды ұйымдастыру;

3) неғұрлым өзекті құқықтық мәселелер бойынша мемлекеттік органдар басшыларының және мамандардың БАҚ-та сөз сөйлеулерін практикаға енгізу;

4) нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілген жағдайда халыққа және заңды тұлғаларға түсіндіру үшін БАҚ жариялануын қамтамасыз ету.

Құқықтық түсіндіру жұмыстарының негізгі принциптері мемлекеттік органдар қызметкерлеріне халыққа ақпараттың жоғары деңгейде қол жеткізу қажет.

2-Тарау. Құқықтық оқыту мен тәрбиелеу

Жалпы білім беретін мектептерде оқушылар үшін құқықтық ақпарат алудың орныққан нысандарын өзгерту, балаларды құқықтық тәрбиелеу әдістемесін жетілдіру, қашықтан оқыту, тәжірибе алмасу сияқты білім берудің жаңа нысандары мен түрлерін кеңінен пайдалану қажет.

Орта және жоғары оқу орындары студенттерінде патриотизм, заңға құлықтылық, адамның ар-намысы сезіну, басқа азаматтардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеу сияқты қасиеттерді қалыптастыру мақсатында оқушыларға қол жетімді негізде құқықтық білім беру жөніндегі іс-шаралар (турнирлер, іскерлік ойындар, сағаттар саны және т.б.) жүргізу қажет.

Құқықтық оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша оқытушылар аймақтық конференциялар, семинарлар өткізуді ұйымдастырулары тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің заңнама саласындағы білімін жетілдіру және оның құқықтық мәдениеті деңгейін көтеру мақсатында жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлерін даярлау мен қайта даярлауға назар аудару қажет. Бұл ретте сабақтар өткізу кезінде заңгер ғалымдарды, саясаткерлерді, құқық қорғау, сот және өзге де органдардың неғұрлым тәжірибелі практикалық қызметкерлерін белсенді түрде тарту талап етіледі.

6-Бөлім. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық оқыту мен тәрбие жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар қосымша қаржы бөлусіз мемлекеттік ұйымдарды ұстауға қарастырылған қаражаттар есебінен жүргізіледі.

7-Бөлім. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуы:

- 1) Астана қаласының барлық мемлекеттік органдарының, оның ішінде нормативтік құқықтық актілер мен олардың түсініктемелері бар орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің (келісім бойынша) электрондық парақтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық тақырып, оның ішінде "сұрақ-жауап" принципі бойынша айдарларды ұйымдастыру;
- 3) неғұрлым өзекті құқықтық мәселелер бойынша мемлекеттік органдар басшыларының және мамандардың БАҚ-та сөз сөйлеулерін қамтамасыз етуге;
- 4) нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілген жағдайда жергілікті деңгейдегі қажетті түсініктемелердің жариялануын қамтамасыз етуге;
- 5) қала тұрғындарының құқықтық мәдениеті деңгейін елеулі түрде көтеруге;
- 6) құқықтық түсіндіру жұмысын, азаматтарды құқықтық оқыту мен құқықтық тәрбиелеуді қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың күш-жігерін үйлестіруге мүмкіндік береді.

8-бөлім. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

P / c N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орын- далуына жауап- тылар	Орын- далу мер- зімі	Бол- жанған шығын- дар (млн. теңге)	Қар- жылан- дыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1. Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру						
1.	Астана қаласы әкімінің ресми сайтында қаланың мемлекеттік органдарының электрондық беттерінің (нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен заңнама нормаларын түсіндіру) қызмет етуін ұйымдастыру.	Мемлекеттік органдардың электрондық беттері	Қала әкімінің аппараты, тиісті бағыттар бойынша мемлекеттік органдар	Тұрақты, 2005 жылдың екінші тоқсанындағы ресми сайтын ұйымдастырғаннан кейін	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады	-
2.	"Қазақстан-2030" Стратегиясының,	БАҚ-да сөз	Қала әкі-	Тұрақты	Мемлекеттік	-

	Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаған жолдауының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламаларын, ҚР заңнамаларының негізгі ережелерін орындау жөніндегі тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	сөйлер және дәрістік сабақтар	мінің аппаратына ақпарат		ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады	
3.	Мемлекеттік органдардың басшылары мен мамандарының неғұрлым өзекті құқықтық мәселелер бойынша БАҚ-та сөз сөйлеу жоспарын бекіту.	БАҚ-да сөз сөйлеу жоспары	Қала әкімінің аппараты	Жыл сайын бірінші тоқсанда	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады	-
4.	Жергілікті мерзімді басылымдарда құқықтық тақырыптар, оның ішінде сұрақ-жауап»принципі бойынша арнайы айдарлар ұйымдастыру	БАҚ-та тұрақты айдарлар	Қала әкімінің аппараты, БАҚ, тиісті бағыттардағы мемлекеттік органдар	2005 жылдың бірінші тоқсаны - әрі қарай тұрақты	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады	-
5.	Мемлекетіміздегі қылмыстық саясатты ізгі-	БАҚ-да сөз сөйлер	Әділет департамен-	Тұрақты	Мемлекеттік ұйым-	-

	лендіру мәселе-лері бойынша белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізу	және дәрістік сабақтар	ті, құқық қорғау органдары (келісу бойынша)		дарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады	
6.	Мемлекетіміздегі қылмыстық саясатты ізгілендіру, ҚР өлім жазасын кезең-кезеңмен тоқтату мүмкіндігі мәселелері жөніндегі қоғамдық пікірлердің мониторингін жүзеге асыруды жалғастыру	Сауалнама	қаланың Әділет, Білім департаменттері, құқық қорғау органдары (келісу бойынша)	Жыл сайын екінші тоқсанда	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.	-
7.	Жаңа нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасындағы заңнамаларға енгізілген өзгерістерге жедел түсіндіруді қамтамасыз ету	БАҚ-та түсіндіру	Тиісті бағыттар бойынша мемлекеттік органдар	Тұрақты, НҚА қабылданғаннан кейін немесе оған өзгерістер енгізілгеннен кейін бір ай ішінде	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.	-
2. Құқықтық оқыту және тәрбиелеу						
8.	Қаланың ұйымдары мен мекемелерінің базасындағы құқықтық білім мектептерінің	Әділет департаментіне ақпарат	Әділет департаменті	Ай сайын, 2-5 дейін	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап	-

	жұмыстарын белсендендіру				қарас- тырыл- ғ а н қара- жаттар есебі- н е н жүзеге асыры- лады.	
9.	Құқықтық тәрбие- леу мәселелері оқытушылар үшін аймақтық конфе- ренциялар мен семинарлар өткізу.	Ә кі м аппара- ты н а ақпарат	Білім депар- таменті	Ж ы л сайын, ж ы л қоры- тындысы бойынша	Мемле- кеттік ұйым- дарды ұстауға арнап қарас- тырыл- ғ а н қара- жаттар есебі- н е н жүзеге асыры- лады.	-
10.	Жоғарғы, орта- арнайы және жал- пы білім бере- тін оқу орында- рында тиісті әдебиеттер мен көрнекі әдісте- мелермен қамта- масыз етілген құқықтық білім жеке бөлмесін ұйымдастыру	Әділет депар- тамен- ті н е ақпарат	Білім депар- таменті	2005 жылдың бірінші тоқса- нынан бастап	Мемле- кеттік ұйым- дарды ұстауға арнап қарас- тырыл- ғ а н қара- жаттар есебі- н е н жүзеге асыры- лады.	-
11.	Құқықтық білім- нің қалалық олимпиадаларын жыл сайын өткізуді ұйымдастыру	Олим- пиада	Білім, Ішкі саясат депар- тамен- ттері	ж ы л сайын екінші тоқсанда	Мемле- кеттік ұйым- дарды ұстауға арнап қарас- тырыл- ғ а н қара- жаттар	-

					есебі- н е н жүзеге асыры- лады.	
12.	Орта мектеп оқу- шылары арасында конституциялық құқық бойынша пікірталас турнирлерін өткізу, орта кәсіби білімді ұйымдастыру.	Сынып сағат- тары	Білім және Мәде- ниет депар- тамен- тері	Ж ы л сайын бірінші тоқсанда	Мемле- кеттік ұйым- дарды ұстауға арнап қарас- тырыл- ғ а н қара- жаттар есебі- н е н жүзеге асыры- лады.	-
13.	Конституция күнін тойлауға іс-шаралар цик- лін ұйымдастыру	Дөңгелек үстел- дер, семи- нарлар, кітап көрме- лері	Мәде- ниет және Білім депар- тамен- тері	Ж ы л сайын үшінші тоқсанда	Мемле- кеттік ұйым- дарды ұстауға арнап қарас- тырыл- ғ а н қара- жаттар есебі- н е н жүзеге асыры- лады.	-
14.	Жастар арасында заңнамалардың құқықтық норма- ларын түсіндіру бойынша іс-ша- ралар циклін ұйымдастыру	Аймақтық конфе- ренция- лар, Дөңгелек үстел- дер, семи- нарлар	Білім және Ішкі саясат депар- тамен- тері	Ж ы л сайын екінші тоқсанда	Мемле- кеттік ұйым- дарды ұстауға арнап қарас- тырыл- ғ а н қара- жаттар есебі- н е н	-

					жүзеге асырылады.	
15.	Орта мектептер, орта кәсіби білім беретін ұйымдардың оқушылары арасында конституциялық құқық бойынша дебатты турнирлар өткізу.	Дебатты турнирлар	Білім және Ішкі саясат департаменттері	Жыл сайын үшінші тоқсанда	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.	-
16.	ЖОО студенттері арасында құқықтық тақырыптар бойынша іскерлік ойындар өткізу.	Іскерлік ойындар	Білім және Ішкі саясат департаменттері	Жыл сайын үшінші тоқсанда	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.	-
17.	Астана қаласының әкімдігі жанындағы құқықтық білім беру мектебі тыңдаушыларының аттестациядан өтуін ұйымдастыру.	Тестілеу	Әділет департаменті, қала әкімінің аппараты	Жыл сайын үшінші тоқсанда	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.	-

3. Ұйымдастыру сипатындағы іс-шаралар

--	--	--	--	--	--	--

18.	Осы Бағдарлама шеңберінде өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат ұсыну.	Әкім аппаратына ақпарат	Тиісті бағыттағы мемлекеттік органдар	Іс-шаралар өткеннен кейін 15 күннің ішінде	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.	-
19.	Осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қорытынды ақпаратты ұсыну.	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қала әкімінің аппараты	Келесі есептік жартыжылдық пен жылғы айдың 10 күніне дейін	Мемлекеттік ұйымдарды ұстауға арнап қарастырылған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.	-